

Д.С. Раев¹, Ы.М. Палтөре^{2*}, Х. Хошбатени³,
Т.Т. Темирбаев², С.М. Мамытова⁴, А.Ш. Әділбаев²

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

²Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

³Табриз университеті, Табриз, Иран

⁴Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: yktyiar@inbox.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ТАНЫМДАҒЫ «НИЕТ» ЭПИСТЕМАСЫ: ЭТИКАСОФИЯЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

Бұл мақалада қазақ қоғамындағы «Ниет» концепті философиялық және әлеуметтік тұрғыдан ғылыми талдауға түседі. Мақалада «ниет» ұғымының қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы рөліне тоқталып, оның адам болмысының тазалығы мен моральдық құндылықтардың көрсеткіші екені алға тартылады. Сонымен қатар, «ниет» эпистемасы ұлттық мәдениеттің, философияның және этиканың негізін құрайтыны дәйектеледі.

Мақалада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғамдық сананы жаңғыртуға қатысты пікірлері негізге алынып, мемлекеттік реформалар мен қоғамның дамуы «ниет» ұғымымен тығыз байланысты екені көрсетілген. Сондай-ақ, «ниет» ұғымының моральдық және рухани өмірдегі маңыздылығы, оның адам әрекетінің мотиваторлық рөлі талқыға түседі.

Қазақ би-шешендерінің мұраларындағы «ниет» концептісі де қарастырылып, оның әділдік пен адалдықтың негізі ретіндегі мәнін ашуға талпыныс жасалады. Абай, Шәкәрім, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йассауи сияқты ойшылдардың шығармаларына сілтеме жасалып, ниеттің адамның ішкі жан дүниесімен және қоғамдық өмірімен байланысы талқыға түседі.

Зерттеуде ниеттің позитивті және негативті түрлері ажыратылып, оның қоғамның дамуы мен тұрақтылығына әсер ететін негізгі фактор екені дәйектеледі. Исламдық көзқарас тұрғысынан да ниет мәселесі талданып, оның рухани және діни өмірдегі орны қарастырылады.

Мақала қорытындысында «ниет» ұғымының әлеуметтік, мәдени және философиялық маңыздылығы кеңінен талданып, оның қазіргі қоғамдағы өзектілігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: Қазақ дүниетанымы, ниет, мораль және этика, қоғамдық сана, рухани құндылықтар, қоғамдық даму, президент реформалары.

D. Raev¹, Y. Paltore^{2*}, H. Khoshbateni³,
T. Temirbayev², S. Mamytova⁴, A. Adilbayev²

¹Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

²Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

³Tabriz University, Tabriz, Iran

⁴Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: yktyiar@inbox.ru

The epistemology of “Niyet” in public consciousness: an ethical-philosophical interpretation

This article explores the concept of “Niyet” (Intention) in Kazakh society from a philosophical and social perspective. The study examines the role of intention in traditional Kazakh worldview, highlighting its significance as an indicator of human purity and moral values. Furthermore, it analyzes how the epistemology of intention forms the foundation of national culture, philosophy, and ethics.

The article takes into account the views of President of Kazakhstan, Kassym-Jomart Tokayev, on the modernization of public consciousness, emphasizing the close connection between state reforms and the concept of intention. The moral and spiritual importance of intention is discussed, along with its motivational role in human actions. The study also examines the concept of intention in the legacy of Kazakh biys (judges) and orators, emphasizing its fundamental role in justice and integrity.

References are made to the works of Abai, Shakarim, Yusuf Balasaguni, and Ahmed Yasawi, demonstrating the deep connection between intention and both inner human spirituality and social life. The study distinguishes between positive and negative types of intention, proving its role as a key factor in

societal development and stability. From an Islamic perspective, the article also analyzes the spiritual and religious significance of intention.

In conclusion, the article highlights the social, cultural, and philosophical importance of the concept of intention, proving its relevance in modern society.

Keywords: Kazakh worldview, intention, morality and ethics, public consciousness, spiritual values, societal development, presidential reforms.

Д.С. Раев¹, Ы.М. Палторев^{2*}, Х. Хошбатени³,
Т.Т. Темирбаев², С.М. Мамытова⁴, А.Ш. Әділбаев²

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

²Египетский университет исламской культуры Нур Мубарак, Алматы, Казахстан

³Тебризский университет, Тебриз, Иран

⁴Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: yktyar@inbox.ru

Эпистема «Ниет» (намерение) в социальном познании: этико-философская интерпретация

В данной статье исследуется концепция «Намерение» (Ниет) в казахском обществе с философской и социальной точки зрения. Рассматривается роль понятия «намерение» в традиционном казахском мировоззрении, а также подчеркивается его значение как индикатора чистоты человеческой сущности и моральных ценностей. Анализируется, как эпистемология «намерения» формирует основы национальной культуры, философии и этики.

В статье учитываются взгляды Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева на модернизацию общественного сознания, подчеркивается взаимосвязь между государственными реформами и концепцией «намерения». Рассматривается моральное и духовное значение понятия «намерение» и его роль в мотивации человеческой деятельности. Также анализируется концепция «намерения» в наследии казахских биев и ораторов, выявляется его связь с такими категориями, как справедливость и честность.

В статье приводятся ссылки на труды выдающихся мыслителей, таких как Абай, Шакарим, Юсуф Баласагуни, Ахмед Яссауи, и доказывается, что «намерение» имеет тесную связь с внутренним миром человека и общественной жизнью. В исследовании проводится разграничение между позитивными и негативными видами «намерения» и доказывается его ключевая роль в развитии и стабильности общества. Вопрос намерения также анализируется с исламской точки зрения и рассматривается его место в духовной и религиозной жизни.

В заключение подчеркивается социальная, культурная и философская значимость концепции «намерения» и ее актуальность в современном обществе.

Ключевые слова: Казахское мировоззрение, намерение, мораль и этика, общественное сознание, духовные ценности, общественное развитие, президентские реформы.

Кіріспе

Соңғы кезде қазақ қоғамының рухани құндылықтар жүйесіндегі «Ниет» концептінің қоғамдық сана аясында оның мән-мағынасының кеңейіп отырғанын байқауға болады. Жеке тұлғадан бастап жалпы қоғамдық түсінікке дейінгі аралықта оның даму, түрлену, мағынасының кеңейу үдерісі әртүрлі жағдаяттарға байланысты. Тарихқа көз салсақ, ниет эпистемасы қазақ философиясында басты тақырыптардың бірі. Сондықтан оны қазіргі заман талабына сай ғылыми тұрғыдан қайта зерттеп-зерделеу маңызды. Себебі ол адамның рухани және моральдық өмірінің негізі ретінде жалпы халықтық мақал-мәтелдерде, ұлағатты ой айтқан ұлт зиялыларының ой-толғамдарында көрініс табады. Түйіндеп

айтсақ, біздің түркілік дәстүр философиясында ниет ұғымына баса мән беріледі. Көбіне оның адамдық қасиеттердің, адалдық пен әділдіктің негізгі идеясын арқалаумен ерекшеленеді. Осылайша бұл ұғым әлеуметтік-философиялық танымда адам болмысының тазалығы, адалдығы және шынайылығының көрсеткіші ретінде орнығып отыр. Басқаша айтқанда қазір қоғамдық санада ниет ұғымы адамның іс-әрекетінің моральдық бағасын анықтайтын басты критерий ретінде қарастырыла бастауы біздің осы мақаланы жазуымызға себеп болып отыр.

«Ниет» сөзінің ұғымы қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымында маңызды орын алады. Бұл сөз бізге араб тілінен енген сөз екені белгілі. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: «Бір нәрсеге деген пейіл, ықылас, ынта»

(Жанұзақов, 2008: 617), – десе қазақ әдеби тілі сөздігінде: «1. Бір нәрсеге, бір іске, біреуге бейіл, ықылас білдіруде алдын ала қалыптасатын мақсатты ой, ынта, тілек. 2. Көңіл, пейіл, ықылас. 3. Филос. Қазақ ұлттық дүниетанымда адам әрекетінің нақтылы мақсатын, мазмұнын бейнелейтін қоғаушы күш» (Манкеева, 2009: 553), – деген анықтама беріледі. Бір сөзбен айтқанда ниет дегеніміз – бұл адамның ішкі ойы, мақсаты немесе қандай да бір әрекетті орындауға деген саналы шешімі. Бұл ұғым адам өмірінде маңызды орын алады және моральдық, рухани, діни және күнделікті өмірде кеңінен қолданылады. Діни тұрғыда ниет – адамның ойға алған ғибадаты мен атқарар ісі алдында негізгі мақсатын белгілеуі. Исламда ниетін «Бір Алланың разылығы үшін» деп туралау және осы ниетке берік болу парыз етілген бұлжымас басты міндет болған (Жанұзақ, Омарбеков, Жүнісбек: 2009: 553). Қасиетті Құран мәтінінде «Ниет» сөзі нақты кездеспесе де оның мағынасы, тағат-құлшылық, ізгі істерді жасау кезіндегі ниеттің тазалығы, шынайы ықыластың маңыздылығы көптеген аяттарда жанама түрде баяндалады. Құранда адамның жүрегі, оның түкпіріндегі негізгі ойлары, яғни ниет-пиғылы Алланың құзырында сауап яки күнә тұрғысынан есепке алынатындығы ескертіледі.

Біз мақала мазмұнында «ниет» ұғымын үш деңгейде қарастырамыз. Біріншісі «ұғым» ретінде – адамның ерікті ішкі мақсаты; екіншісі «концепт» ретінде – қазақ мәдениетінде орныққан рухани-этикалық бағдар; ал үшіншісі «эпистема» элементі ретінде яғни ислам дүниетанымындағы таным мен мораль жүйесінің іргетасы.

Қысқаша айтар болсақ, «ниет» – бұл ең алдымен ұғым. Яғни, адамның саналы түрде бір нәрсеге ұмтылуы, жүрек қалауы, әрекетке деген ішкі түрткісі. Бұл мағынада ол басқа ұғымдармен яғни «мақсат», «тілек», «ниеттестік», «ықылас» ұғымдарымен қатар тұра алады. Ал енді «ниет» ұғымын концепт ретінде қарастырсақ онда ол қазақ мәдениетінде ерекше орын алады. Осы тұрғыдан қарағанда «ниет» тек қана «тілек» немесе «мақсат» деген т.б. ұғымдармен шектелмейді, бұған қоса «адам мен қоғам», тіпті «адам мен Құдай тағала» арасындағы байланысты да сипаттай алады. Мысалы: «*Жақсы ниет – жарым ырыс*», «*Ниет түзелмей, іс түзелмейді*» деген мақал-мәтелдерден «ниет» ұғымының моральдық, діни және философиялық астарын аңғаруға, ұғынуға болады. Демек, «ниет» – қазақ дүниетанымындағы күрделі концептілерінің біріне жатқызуға болады. Мұнан бөлек ниет сөзін

«эпистема» ретінде белгілі бір тарихи кезеңде немесе қоғамда дүниені тану мен білімді ұйымдастыру тәсілдерінің жүйесі ретінде яғни «ниет» ұғымын ислам философиясымен, сопылықпен, қазақ дүниетанымындағы танымдық жүйенің негізгі тірек (кілттік) элементі ретінде қарастырсақ онда «ниет» ұғымын эпистемалық мәнге ие дей аламыз. Мысалы, ислам дінінде көпшілікке кең тараған «*Амалдар (іс-әрекеттер) ниетке байланысты болады*» деген мағынадағы пайғамбар хадисі бар. Бұл хадис арқылы «ниет» адамның танымы мен болмысын анықтайтын негізгі өлшемдердің бірі. Сондықтан белгілі бір эпистемада «ниет» – білімді тану мен бағалаудағы іргетас ретінде де қарастыратын боламыз.

Түйіндеп айтқанда адамзат баласынан басқа Құдай тағаланың жаратқан жан-жануарларында ниет жоқ. Сондықтан олар саналы түрде таңдау жасау, алдына мақсат қою, өз іс-әрекетін алдын ала дұрыс ойлап, жүйелі жоспарлау, белгілі бір нәтиже күту сияқты адами қабілетке ие емес. Олар көбіне тек дағды негізінде әрекет етеді. Осы айтылғандарды алға тарта отырып, ниет терең мағыналы тікелей адам баласына қатысты ұғым. Себебі ол адам баласының саналы әрекетінің бастауы, әрі оның ішкі ойы мен түпкі мақсат-мұратының айқын көрінісі. Ниет – адамның ішкі жан дүниесін, рухани болмысын айқындайтын негізгі ерекшеліктердің бірі. Сондықтан ниет ұғымы тек адамға яғни оның болмысына тән құбылыс деген тұжырым жасауға болады.

Ғылыми әдіснамалық негіздері

Мақалада «ниет» эпистемасына, «ниет» ұғымның когнитивтік көкжиегіне қатысты перцепциялық түрлену дискурсы ғылыми зерттеу барысында қоғамдық сана, әлеуметтік таным аясында кешенді сарапталып, өзектендіру, контекстік, концептуалдық, тарихи сабақтастық, салыстырмалы, салғастырмалы, герменевтикалық, этнофилософиялық, универсумдық, универсалдық, құжаттық, құрылымдық талдау, саралау, жүйелу және талдау және синтез жасау әдістері қолданылды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

«Ниет» – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан қоғамдық (әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени-рухани) санасының өзегіне айналғаны байқалады. Оның себебін еліміздің экзистенциялық

қозғалысының барлық саласындағы прагматикалық өмірдің тактикалық әрі стратегиялық шешімдеріндегі олқылықтар мен кемшіліктермен байланыстыратын ресми мемлекеттік тұжырымдардан анық аңғаруға болады. Өйткені бұл мәселеге қатысты көзқарас соңғы кездердегі Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың халықаралық форумдардың биік мінберлерінде, бүгінгі әлемдік тәртіп моделінің күрт өзгеруі, оның ерекше құбылмалы түрге енуі туралы пікірлері, әлем мемлекеттері саяси мінезінің құбылуы, өз мемлекетіміздің ішкі саясатындағы, оның атқарушы орган өкілдерінің қоғамдық-әлеуметтік мінезіндегі қайшылықты тенденциялардың орын алуы туралы пікірлердің жиі айтылуы негізінде қалыптасып отырғаны анық. Бұл тіпті сонау 2021 жылдан бері көтеріліп келе жатқан қоғамдық мәселе болғаны байқалады. Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» (Тоқаев, 2021), – деген ой тұжырымы соның дәлелі.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы, Қ.К. Тоқаев 2023 жылдың 17 маусымында Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «түпкі мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер. Бір сөзбен айтсақ, пиғыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді» (Тоқаев, 2023), – десе, сол жылдың күзіндегі халыққа Жолдауында Президент: «Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер» (Тоқаев, 2023), – деп айтқаны соның дәлелі болса керек. Бұл жерде, байқасақ, Президент екі мінберде бір түсінік-әпистеманы: «пиғыл» және «ниет» деген екі айтылымдағы синоним сөздермен көрсетіп отыр. 2024 жылдың 15 наурызда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында да: «нағыз дамыған ел болу үшін тек экономикалық мақсат қою жеткіліксіз. Қоғамдық этикаға келгенде, заңдарды өзгерту жеткіліксіз», – дей келіп, «Жасампаздық рухының қоғамда терең

орнығуы, ... ел ішіне іріткі салатын жағымсыз әрекеттердің келмеске кетуі өте маңызды. Ұлт сапасын жақсартамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Біздің нақты құндылықтарымыз болмаса, даму жолында тың серпіліс жасауымыз және көшбасшы елдер қатарына қосылуымыз неғайбыл», (Тоқаев, 2024) – дегенді қадап айтады.

Тағы бірде Мемлекет басшысы: «Мен қоғамда жаңа этика қалыптастыру қажеттігін үнемі айтып жүрмін. Алайда азаматтарға қандай да бір құндылықты күшпен таңу қиын, тіпті, мүмкін емес деуге болады. «Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам» (Тоқаев, 2024), – деп бағдар береді.

Ал 2024 жылдың 26 желтоқсанында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Елімді танытқан ерен жыл» деп аталатын жылдық есебінде де жалпыұлттық құндылықтар жүйесін бекітуді меңзей отырып, «Құрылтайда ұлт болмысын қалыптастыратын тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді басты құндылықтар айқындалды» (Тоқаев, 2024), – деп, рухани құндылықтармен көмкерілетін ұлттың жаңа мәдени сапасының өзектілігін қазақстандық азаматтарымыздың есіне тағы бір салады. Осының өзі ниет адамның қоғамдағы рөліне ықпал ететін маңызды фактор ретінде көрсетіледі.

Жалпылап айтқанда, Президенттің жоғарыдағы үлкен мінберлерде айтқандарына қарағанда, бүкіл қоғамдық істің барысы адамның рухани құндылықтық жүйесі әлеміне тәуелді болатынын меңзейтіні анық. Президенттің сөзімен айтқанда, «мұның бәрін азаматтардың жасампаздық әлеуетін арттыру үшін пайдалы инвестиция деуге болады. Бұл жағдай еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономикамызды орнықты дамытуға септігін тигізеді», – дей келіп, еліміздің «жасампаздық стратегиясын» (Тоқаев, 2025) нұсқаған болатын. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы: «Ашығын айтсам, экономист басшылардың қазіргі жұмысын орташа деп бағалаймын. Олар халықаралық қаржы инс-

титуттарының тілімен әдемі сөйлейді, алайда нақты нәтижесі бар шаруа шамалы болып тұр. Сондықтан біздің міндетіміз – бұл қағидатты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша кіріктіріп, халық болмысының, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру» (Тоқаев, 2025), – деп санайды. Сайып келгенде, осының бәрі қазақ дәстүрлі мәдени-құндылықтық таным-түсінігінің бірі әрі өзегі – «Ниет» категориясына келіп тірелетініне меңзейді. Ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылық ұғым – «Ниет» концепті болып отыр деп айтуға ғылыми негіз бар.

Бүгінгі қоғамдағы әр азаматтың әлеуметтік мінезіндегі моральдық тенденцияларды білдіріп, біздің зерттеу объектіміздің өзектілігін білдірсе керек. Демек, бүгінгі адам «әдепсіз әдеттер агрегатына» айналуға десек қателеспейміз. Мәселен, Мемлекет басшысының: «Біз қазір халықаралық ахуалдың бұрын-соңды болмаған деңгейде шиеленіскеніне куә болып отырмыз. Кейбір ірі елдер өзіне қажетті күн тәртібін басқаларға таңуға, оларды өз талабына икемдеуге тырысуда. Бір-біріне мүлдем қайшы келетін түрлі идеялар мен ұстанымдар қақтығысы белең алды. Бұл қақтығыс геосаясатта немесе экономикада ғана болып жатқан жоқ. Тіпті, мәдениет пен руханиятты, құндылықтар жүйесін, басқаша айтқанда, идеология саласын да шарпуда. Мұның бәрі тұтас мемлекеттердің және халықтардың қауіпсіздігіне зор кесірін тигізуі мүмкін. Халықаралық ахуалдың беталысы көңіл көншітпейді. Сондықтан Қазақстан Республикасы бұрын-соңды болмаған деңгейде біртұтас болуы керек» (Тоқаев, 2023), – дегені соның дәлелі болса керек. Міне, осындай қоғамдық дихотомия біздің «ниет» ұғымын бүгінде ерекше әлеуметтік әрі мәдени-рухани феномен-концепт ретінде философиялық тұрғыда қарастыруымызға ғылыми-теориялық негіз болып отыр. Сонымен бірге Президенттің: «Қазіргі Егемен ел, Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық, саяси, коммерциялық өмірінде халықтың рухани-мәдени болмыстық айқындайтын негізгі моральдық қасиетінің бірі – адамдардың этикалық ниетінің әртүрлілі қайшылықты көрініс табуы қоғамдағы оның рөлін күрделендіруде. Міне сондықтан оның орны мен рөліне, қоғамдық сана мен қоғамдық іс-әрекетке ықпалына тереңірек түсінік беріп, арнайы зерттеу нысанына айналдыруды қажет етеді деп есептейміз» (Тоқаев, 2023), – деп айтқаны соның дәлелі болмақ. Сол себепті, кез-келген қоғамның даму қарқыны мен жетілу де-

режесі адам мінезіне, нақтырақ айтқанда, адам ниетіне тәуелді құбылыс болуының онтогендік тұстарына талдау жасау қажеттілігі туады.

Біз зерттеу тақырыбы ретінде қарастырып отырған өзекті мәселе Еуропа ғалымдарының да назарынан тыс қалмаған. Мысалы француз ғалымы Пьер Тейяр де Шарденнің пікірінше, адам – «эволюция осі мен шыңы» және адамның сырын ашу деген сөз ғалам қалай құрастырылды және ол қалай құрастырылуда дейтінді білуге ұмтылумен бірдей нәрсе болып табылады (Шарден, 2002: 40), – десе өз дәуірінде Макиавелли: «Саясатта табысқа жету үшін адам табиғатының қалай болуы керектігіне емес, оның шын мәнінде қандай екеніне сәйкес әрекет ету керек» (Смит, 2020: 133), – деген ой түйеді. Ал неміс-америкалық саясаттанушы Ганс Моргентау: «Саясатты адам табиғаты тудырған заңдар басқарады», – дей келіп, «Адам табиғаты мемлекеттің мінез-күлқын түсіндіруде басты негіз болады» (Бейлс, Смит, Оуэнс, 2020: 136), – деп, мемлекеттің кез келген ішкі және сыртқы саясаттын жүргізудің өзі адамның рухани болмысына тәуелді болатынын алға тартады. Америкалық дәрігер, психиатр Виктор Франкл: «Адам бойында міндеттеуге келмейтін, бұйрыққа көнбейтін, саналы түрде басқарылмайтын үштік бар: солардың бірі үміт болса, қалған екеуі сенім мен махаббат» (Франкл, 2020: 140), – дейді. Еуропалық Ж-Ж. Руссо: «Адамның бойында терең жатқан жасырын ішкі болмысы бар», – десе, Ф. Фукуяма: «Адамның бойында өзге адамдарға көрініп тұратын сыртқы «меннен» басқа, жасырын «ішкі мен» болады», десе, енді Ф. Фукуяма осыған орай өз ойын, «сыртқы «мен» – қоғамдағы нормалар, көп қоғамда сыртқы нормалар «ішкі меннен» жоғары тұруы керек» (Фукуяма, 2023: 70-71), – деген пікір айтқан. «Ұлттық мүдде моральды қамтиды» (Бейлс, Смит, Оуэнс, 2020: 137), – дейді еуропалық Ганс Моргентау. Ал Ж-Ж. Руссо тағы бірде: «Адам табиғатынан ізгі ниетті, тек қоғамға қосылып, өзін өзгелермен салыстыра бастағанда ғана жаман болады», – дей келіп, «Адамзат кемелдікке жете алады, біз оған ...қазіргі мәдени ортамызға сай дұрыс баға бермей отырмыз, адамзат өзінің табиғи ізгілігін қалпына келтіруді таңдай алады» (Фукуяма, 2023: 71), – деген тұжырым жасайды.

Қазіргі кезде біздің қоғамда рухани құндылықтарға баса назар аударылмай, материалдық байлыққа тез арада қол жеткізуге күштарлық басымдық танытып отыр. Әрине бұған әртүрлі себеп-салдар бар. Десек те қазір «қолдан жасал-

ған қайраткерлер, орташа таланттар көбейген заман. Әрине, ондай қайраткерлердің мінезі де қолдан жасалынады, кісілік, кішілік қасиеті де аз» (Сәрсенбай, 2019), болуы айтарлықтай әсер етуде. Бұған қоса, мемлекеттік қызметкерлер тарапынан әдепсіздік жағдайлардың орын алуы, басшылардың жауапкершілігін арттыру, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін күшейту өзекті мәселелер қатарында болуы өзінің өзектілігін жоймай отыр (Almaty Akshamy, 2020).

Осы орайда қазіргі әлеуметтік танымдағы «ниет» эпистемасын зерттеудің мақсаты мен міндеттері айқындау қажет болады. Шынту айтқа келгенде, қазіргі қоғамдағы осы бір өзекті мәселеге себеп болған басты фактор – бүгінгі қоғамдағы «моральдық дағдарыс» тенденцияның қалыптасуы. Біздің мақсатымыз – осы тенденцияның шығу себеп-салдарын және мемлекеттік лауазымдағы қызметкерлердің әдепсіздік іс-әрекеттерін, мемлекетшілік түсінікті «ниет» эпистемасы аясында этикасофиялық тәпсір жасап, мән-мағынасын түсіндіру. Бұл үшін біз қазақ шешендік сөз өнерінде ниет ұғымы анықтау және ұлт зиялыларының ой-толғамдарындағы ниет концептісіне қатысты айтқандарын ғылыми тұрғыдан саралауды, бағамдауды мақсат тұтамыз.

Негізгі талқылау бөлімі

Қазақ халқының шешендік сөз өнерінде ниет ұғымы көбінесе адамның ниеті, пейілі, жүрегінің тазалығы, адалдық пен әділдік сияқты қасиеттермен байланысты қарастырылады. Шешендік сөздерде ниет – адамның істеген ісінің сапасын анықтайтын негізгі фактор ретінде сипатталады. Мысалы, Ескелді би: «Қас та, дұшпан да, дос та адамның өзінен. Жүрегің жұмсақ, пейілің кең болса, дос көп. Жүрек – адам денесінің төрешісі. Төреші әділ болса, жұрт айнала жиналады» (Тоғысбаев, Сужикова, 2006: 132), – десе, Абай да он жетінші қара сөзінде «жүрек – адам денесінің патшасы, қан содан тарайды, жан сонда мекен қылады, онсыз тіршілік жоқ» (Құнанбайұлы, 2020: 42), – деген уникал идеяны көтере отырып, ниетіне сеніп, жүрегіне сен, онда жақсылық бар, жүректің тілін тапқан адам, өзінің ниетін таза ұстаған адам, онысы арқылы қоғамға пайдалы болады деген көзқарасты білдіреді. Қазақ шешендік нақылы: «Ниет – адамның жүрегінен шығады» деген ақиқатты анықтайды. Бұл шешендік нақыл ниеттің адами болмыс, жүректен шығатын қасиет екенін көрсетеді. Жүрек

тазалығы мен ниет тазалығы бір-бірімен тығыз байланысты, әрі адамның жүрегі қандай болса, ниеті де солай болады дейтін тұғыр-эпистеманы орнықтырады. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады» (Жармұхамедов, Дәуітов, 1988: 541), – дегенді ескерте келіп, «Адал жүректің ғадалат қылған ісін қабылдауға қызығып қозғалалық» (Құдайбердіұлы, 2008: 56), – деп жырлайды. Ал Абай 38-қара сөзінде: «Кімнің жүрегінде ниет болса, сол халалмен қоректенеді» (Құнанбайұлы, 2020: 116), – деген ойды айтады. Ал «Ниетіңе сеніп, жолыңды ұстан», – деген шешендік нақылында Бұхар би адамға дұрыс жол мен мақсатқа жету үшін ниетінің дұрыстығына үміт арту керектігін білдіреді. Ол ниеттің адам өміріндегі маңызды іргетас екенін білдіріп, өз жолыңды сеніммен таңдауды насихаттайды. Бұл айтылғандардан ниет феноменінің жүрек жаратылысымен, оның қалауымен қозалатын ішкі логиксын баяндайтынын аңғару қиын емес. Бұлар ниет адамның ішкі дүниесін, оның іс-әрекетінің негізін көрсететін рухани күш ретінде қарастырылады.

Қазақтың би-шешендері ұлттың дәстүрлі құндылықтарын, адамгершілік нормаларын, рухани мұрасын насихаттай отырып, ниет ұғымына да терең мән берген. Олар ниетті адамның іс-әрекеттерінің дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтайтын басты фактор ретінде қарастырған. Ниет туралы айтылған нақыл сөздер, би-шешендердің ғибратты сөздері қазіргі күнде де адамзаттық мораль мен этикалық қағидаларды сақтаудың негізі болып есептеледі. Мысалы, Қазыбек би: «Ниетің түзу болса, жолың ашық», – деген шешендік нақылында адам ниетінің тазалығы мен пейілінің дұрыстығы оның өмір жолын жеңілдететінін айта келіп, қазақ қоғамында адалдық пен таза ниеттің өзіндік маңыздылығын көрсетеді. Төле бидің: «Жақсы ниет – жарым ырыс», – деген шешендік нақылы да ниеттің адам өміріндегі маңызды рөлін көрсетіп, адамның ниетінің тазалығы мен шынайылығын ерекше бағалайды. Оның көзқарасында, дұрыс ниетпен жасалған іс нәтижелі болмақ. Әйтеке бидің де, «Ниетіңе қарай көресің, пейіліңе қарай бересің», – деген шешендік шиырында адамның ішкі дүниесінің және ниетінің қоғамдағы өміріне ықпал ететінін айтады. Оның пайымдауынша, адам қандай ниетпен әрекет етсе, соған сай нәтиже алатын болады дейтін тұжырым жасайды. «Ниетің адал болса, жолың да ақ болады», – дей келіп, Бұқар би адамға өз ниетін тазалап, адалдықты сақтау-

дың маңыздылығын жеткізеді. Ниеттің адалдығы адамгершілік пен әділдік жолында зор қуат көзі болатынын көрсетеді. Қазақ би-шешендері ұлттың дәстүрлі философиясында ниет ұғымына үлкен мән беріп, оны адамдық қасиеттердің, адалдық пен әділдіктің негізі ретінде қарастырғаны анық байқалады. Олардың нақыл сөздері бүгінгі күнге дейін өмірлік тәжірибе мен адамгершілікке қатысты маңызды ескертпелер ретінде қабылданады. Қазіргі уақытта да бұл шешендік сөздер адамның дұрыс жолды таңдап, жақсы ниетпен әрекет етуіне шақырады.

Бізге жеткен жазба мұраларымызға үңілсек, Жүсіп Баласағұн ниет ұғымының бастамалық мәртебесін: «Ниет – барлық істердің бастамасы» (Егеубаев, 2007: 212-213), – деген тұжырымдық көзқарасы растай түседі. Субъект тұлғасын белгілі бір нысанаға бағыттайтын да, істің мән-мәнісін белгілейтін тірек-күш – ниет дейтін аксиомалық эпистема келіп шығады. Ол – тұлғаны құраушы субстанция болатыны анық. Ниет субстанция болса, қылық пен пиғылы оның акциденциялары немесе модусы деуге болады. (Фабитов, 2021: 42-43). Акциденциялар мен модустар ниеттің іске асырылуындағы көріністер дегенге келеді. Абай Құнанбайұлы өзінің отыз сегізінше қара сөзінде: «Іс істеу үшін ниет керек», – дегенді айтып, шындық, ізгілік, даналық – «бұлар – өз ижтиһадіңмен, шын ниетіңмен ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ», – дей келіп, «Фиғыл (пиғыл – Р.Д.) пенденің қазығы – осы жақсы хакімдер, әр нәрсе дүниеде солардың істерімен бірге айналым табады» (Құнанбайұлы, 2020: 106-110-117), – деп келтіреді. Қазақ мақалдары «Ниетің түзелмей, ісің түзелмейді», «Ниет етсең, жолың ашық» дейді. Мұнда іс-әрекеттің сәттілігі адамның ниетінің тазалығына байланысты, яғни оған тәуелді болуы баяндалады. Демек, ниет субстанция ретінде адамның тұлғалық болмысындағы бүкіл модустар дүниесінің бастау көзі деген тұжырым жасауға ғылыми негіз бар. Сондай-ақ, ниет – адамның ішкі жасырын феномені болады. Жүсіп Баласағұнды тыңдайтын болсақ та: «Ақ ниетті, ақ жүректі тектілер, жұртын қолдап, елді ұшпаққа жеткізер» (Егеубаев, 2007: 238), – дейді. Ал Ахмет Йассауи 63-ші хикметінде: «Ізгі ниет дәруіштерге жаным берсем, әр бір басқан іздерін көзге сұртсем» (Жармұхамедұлы, Дәуітұлы, Шафиғи, 1993: 110), – деп жырлайды. Мұндағы «дәруіш» деген анықтауыш ұғымына – оң рухани тазалық жолын ұстанған, мейірімді, сабырлы, тақуа, қарапайым әрі дүние қызығынан, рахатынан толықтай бас тартқан адамның

образы бейнелетінін аңғарамыз. Адамзат қоғамы осындай дәруіш мінезді адамдардан болса, әр адам басқаларға жақсылық сыйласа, ізгі ойда болса екен деген ізгілікті ойдан туғаны ақиқат. Басқаша айтқанда, ойшыл қоғамдық орта «ізгі ниет дәруіштерге» – айналасына тек жақсылық ойлайтын, ізгі пиғылмен жүретін, өзін ғана емес, өзгенің қамын ойлайтын, рухани бай, мейіріммен, жанашырлықпен нөмір сүретін адамдарға толы болса екен дегенге саяды. Қазақтың: «Жақсы ниет жақсылыққа бастар»; «Ниетің түзу болса, жолың ашық», – деген терең мағынадағы ұлағатты сөздері де айтылған ойды қуаттайды. Расында жақсы ниет адамның өз жолын дұрыс таңдауына, өмірде сәттілікке жетуіне себепші болады. Мұны Ш. Құдайбердіұлы: «Қазақ халқының ең басты қасиеті – таза ниетпен әрекет ету», – деген тұста ниет адам рухының негізі ретінде көрініс табады десе, Мұхтар Әуезов: «Таза ниет – таза әрекет, адамгершіліктің басты белгісі», – деп ниет адамның рухани әлемінің айнасы ретінде қарастырған. Түптеп келгенде мұның бәрі қазақ мәдени философиясындағы адамның ниеті – оның іс-әрекетін анықтайтын негізгі қозғаушы күш дейтін танымдық эпистеманы білдірсе керек.

Жаман ниет – басқа адамдарға зиян келтіру немесе өз пайдасын ғана ойлау дегенді қабылдайтын болсақ та ниет ұғымының адами эпистема болатынына көз жеткіземіз. Мәселен қазақ мақалында «Жаман ниет – жарға жығар» деген ұстаным біздің ұлттық құндылықтық эпистема әлеуетін көрсете отырып, тағыда ниет ұғымының тек-тұғырлық мәртебесін анықтай түседі. Оның мәні жаман ниетпен басталған іс жақсы нәтижеге жеткізбейді, жаман ниет адамның өзін және айналасын жамандыққа ұшыратады дегенге келіп тіреледі. Құттықұл (Құлжан) би: «Жаман ниет қашан да жолдан жаңылады», – дегенді айта отыра ниеттің адамның өміріне ықпалын ескере отырып, жаман ниетпен жасалған әрекеттердің адамды дұрыс жолдан тайдыратынын айтады. Ал «Жаман ниет жақсылыққа апармайды», – дейтін тұжырымдық нақылымен Мөңке би адамның ішкі дүниесінің оның іс-әрекеттеріне қалай ықпал ететінін көрсетіп, жаман ниеттің жақсы нәтижеге әкелмейтіні туралы ой түйіндейді. Бұл сөз халықтың ниеттің күшіне деген сенімін білдіреді. Жаман ниетпен істелген әрекеттердің қоғамдағы адамдарға да теріс ықпалы болатыны туралы идеягемдік жүйені айқындайды. Сонымен бірге жақсы да жаман да ниет күнделікті өмірде адамның нақты іс-әрекеттерімен

тікелей байланысты болып, көрініс табатыны ақиқат. Өйткені ниет адамды әрекетке итермелеуші құрал болып саналады. Ш. Құдайбердіұлы өзінің қара сөздерінде: «Адамда екі түрлі мақсұт бар, оның бірін тән мақсұты, бірін жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсұты. Бастапқыны көксеген адам, зұлымдық қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды», – дей келіп, «Зұлымдық – қиянат қылып әдеттенгендердің қоя алмайтыны да, адамшылық арды бүзбауға құмарланғандардың адал еңбек, ақ ниеттің жолында құрбан болғандары да әдет алып, шын құмар болып кеткендіктен болады. Өзін-өзі тексеріп, ол әдетті қалдырып, таза ақылға билету әлденеше мыңнан біреудің-ақ қолынан келеді» (Жармұхамедов, Дәуітов, 1988: 489), – деп жазады. Жақсы ниет жақсы нәтижеге, ал теріс ниет керісінше теріс салдарға әкелетіні шындық. Ниет пен әрекет арасында үйлесім болуы маңызды. Сонымен, Ұлы ойшылдар мен шешендердің шығармаларында ниет адамның ішкі жан дүниесі мен оның қоғамдағы рөлімен тығыз байланысты болып, адамның ниеті мен іс-әрекеті қоғамға пайдалы болатыны немесе зиянды болатыны туралы ойлар айтылады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің: «Азаматтық философия екі түрге бөлінеді Оның біреуі арқылы жақсы әрекеттерді тудыратын және осы әрекеттердің себептерін анықтау қабілетін тудыратын жақсы әрекеттер мен мінез-құлықтарды танимыз. Бұл түр этикалық өнер деп аталады» (әл-Фараби, 2007: 139), – деп айтқандарына негізделе отырып, ниеттің моральдық феномен болатынына, оның адам мінезі аясында көрініс тауып отыратынына көз жеткіземіз. Яғни, ниет – адамның рухани өміріндегі ең маңызды ұғымдардың бірі. Ол адамның ойы мен әрекетінің негізін қалайды. Жақсы ниет адамды жақсылыққа жетелесе, жаман ниет адам өміріне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан әрдайым ойымыз бен ісіміздің ниетін дұрыс әрі шынайы ұстау қажеттігі туындайтыны рас.

Бұл мәселенің теориялық астарына үңілетін болсақ, қазақтың дәстүрлі қоғамның ұлы ғұламалары осы феноменнің іргелі ғылыми-теориялық негіздерін айтып кеткен. Мәселен, Абайды тыңдасақ, жиырма сегізінші қара сөзінде: «... Жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, лә-

кин қылдырған Құдай емес деп, нанып, ұқсан болар» (Құнанбаев, 2021: 88-89), – деген тұжырымды оқимыз. Бұдан түйетініміз оны жасайтын адамның өзі. Мұндағы басты моральдық бітім – мінез. Өйткені ол оң іске де, теріс әрекетке жетелейді деген онтогенездік тұжырым аламыз. Ал алаш қайраткері Ә. Бөкейхановтың: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден», (Зәңгіров, 2015: 8) – дегені соны растай түседі. Қазіргі қоғам үшін адамның моральдық сапасы, оның рухани-құндылықтық әлеуеті басымдық мәртебеде болуы қымбат болып отырғанын мойындауымыз керек. Бауыржан Момышұлының: «Адамның әр қаракетінен оның жан дүниесінің сыры аңғарылады» (Зәңгіров, 2015: 125), – дегенінің мәнісі адам мінезі феноменінің терең универсум әлемінен хабар береді деген тұжырым жасаймыз. Осылайша: 1) адамның ішкі болмысының бір қыры – ниет; 2) ниет – адамның «ішкі мені» десек қателеспейміз; 3) «ішкі мен» қоғамдық нормалардан жоғары тұрмауы тиіс деген қағида келіп шығады.

Енді ниет ұғымының тұлғалық мәніне үңілсек, оны рухани және моральдық тұрғыдан қарастыруға болады. Рухани тұрғыда, ниет адамның ішкі жан дүниесінің тазалығын, оның жақсылыққа немесе жамандыққа деген бейімділігін көрсетеді. Ислам дінінде ниет – кез келген құлшылықтың және әрекеттің негізгі бөліктерінің бірі. Мысалы, намаз, ораза немесе қайырымдылық жасағанда адамның ниеті дұрыс болуы шарт. Моральдық тұрғыдан қарасақ, жақсы ниет адамның дұрыс жолда жүруіне, өзгелерге көмектесуге және әділ болуға бағыттайды. Жаман ниет керісінше адамды теріс жолға итермелеуі мүмкін. Ниет мотивациямен тығыз байланысты. Адамның ниеті оның әрекеттеріне және жетістіктеріне тікелей ықпал етеді. Ниеттің түрлеріне келер болсақ, ол жақсы, жаман, шынайы, тұрақты болып бөлінетіні жайлы көзқарастар бар (Манкеева, Бизақов, Жүнісбек, 2009: 553-554).

Жақсы ниет – біреуге көмектесуге немесе қайырымдылық жасауға деген ұмтылыс. Осыдан қазақта «Жақсы ниет – жарым ырыс», – деген нақыл сөз қалғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн Құтты білік дастанында: «Жақсы болса ердің ниет құлығы, іс-тілегі түгел болар ғұмыры», – дей келіп, «Ниеті оң – тек жақсылық табады, ниеттен-ақ жанға сауап алады», – деп жырлайды. Жақсы ниеттің өзі адал және игі (ізгі) ниеттер болып тарамақталған. Мәселен адал ниет адамның оң пейіл, таза көңіл, игі мақсат, ізгі ықыласын білдірсе, игі ниет таза ой, оң мақсат,

дұрыс дітті көрсетпек. Бұл ниеттің шынайылығын сипаттаса керек, демек олар ниеттің ешқандай жасырын мақсатсыз, адал жүректен туындаған ықылас болатынын көрсетсе керек. Осыдан ниеттің тазалығы келіп шығады. Ниеттің тазалығын ислам дінінде құлшылық жасаған кезде немесе қайырымдылық істегенде, ниет тек Алланың разылығын алуға бағытталуы тиіс дейтін ұстаныммен бекітілген. Ислам дінінде ниетсіз амал қабыл болмайды дейтін қағида бар. Мәселен, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) хадисінде: «Әрбір іс ниетке байланысты. Әркімнің ісіне қарай сауап беріледі» (Жұма мінбері, 2018), – деген. Яғни, ниетсіз жасалған амалдың мәні болмайтыны айтылады. Бұл көзқарас ниеттің тұрақты болуына меңзейтіні анық, яғни тұрақты ниет – белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған және ұзақ уақыт сақталатын ниет. Тағы бір хадиске көз жүгіртсек: «Іс-әрекеттер түпкі ниетке байланысты. Расында, әрбір адам ниет еткеніне ғана қол жеткізеді» (Музиддин, 2014: 12), – деген мұсылмандық қағиданы көреміз. Мұнда да ниет ұғымы адамның априорлық сапасына байланатыны анық. Әр пенденің өз қалауымен жасайтын әрбір жақсы не жаман әрекеті, оның түпкі ниетіне байланысты әрі оған тәуелді болатын үдеріс деген сөз.

Қорытынды және тұжырымдама

Ниет – адамның болмыстық қасиеті. Ниет – адаммен біте қайнасқан, түпсаналық антропоцентристік шексіз болмыс. Демек, бұл ниеттің субстанциялық әрі оның адам рухани бітімінің континуумдық құрылымындағы константтық құбылыс болатынын шыңдай түседі.

Ниет ұғымы – еліміздің рухани-мәдени кеңістігінің негізгі өлшемі болатыны аңғарылады. Философия тілімен айтқанда «Ниет» – бүгінгі қоғамның рухани-әлеуметтік субстанциясы болады.

Президенттің: «Біз осы мәдени кодымызды сақтап, бабалар жолымен жүруіміз керек. Әр азамат Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсетуі қажет. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең сезініп, оны бағалай білуі керек. Біз әділетті мемлекет пен отаншыл, адал азаматтардың күш-жігерін үйлестіріп жұмылды-

ру және халқымыздың мәдени кодын үнемі заман талабына сай бейімдеп отыру арқылы ғана ең маңызды міндетімізді орындай аламыз, яғни қастерлі Тәуелсіздігімізді сақтап, нығайта түсеміз» (Тоқаев, 2024), – дегенінің мәнісі сонда болар.

Алаштың ардақтысы М. Шоқай «Жаман халық деген жоқ, жаман адамдар бар; адамгершілігі мол мемлекет деген болмайды, адамгершілігі мол адамдар болады» деп жиі айтқан екен. Демек, дүние дидары оны жасаушы жеке адамдардың ой-өрісіне, іс-әрекетіне көп байланысты. Қазақ халқының бағына орай дәуірдің бұлғақ кезеңдерінде қалың жұртты қыспақтан алып шығатын ай маңдай ұл-қыздары дүниеге келіп отырыпты. Саяси лексикада «мемлекетшіл» деген термин бар. Мұның мағынасы ойлау жүйесі мен іс-әрекетінің сипаты жалпыұлттық, мемлекеттік деңгейге көтерілген қайраткерлерді білдірсе керек.

Қазақтың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда: «Қазақтың бас адамдары! Көсемдіктеріңді, қызметтеріңді адаспай, түзу істендер! Сендер адассандар, арттарыңнан алаш та адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сендер қаласыңдар!» (Зәңгіров, 2015: 31) – деген сөзінің астарында терең философиялық ой жатыр. Біз мұны мүмкіндігінде ең алдымен өзіміз жіті түсініп, әрі оны жастарымызға түсіндіре білуіміз қоғамымыздың дамуына, ұлттық мәдениетімізді жоғарылауына негіз болады. А. Байтұрсынұлы: «Қазақта білімді адам жоқ емес, көп, бірақ солардың көбі білімін халалға емес, харамға жұмсап ғадеттенбек» (Зәңгіров, 2015: 37), – дейді. Тағы бірде: «Жақсы нәрсе адам ісінің жүзінде болады» (Зәңгіров, 2015: 29), – деген ой айтады. Ал Ш. Құдайбердіұлы: «Алдыңда өнегелі көрерің болсын. Кейінгілер үлгі алып, өнеге үйренсін дедім» (Құдайбердиев, 1988: 539-540), – деп, алдында қазақтың ғибрат алатын, үлгі-өнеге болатын тұлғалары болу керектігін аңғартады. Тұлға – халық ішінен шығады. Оны қоғам жасайды. Ал қоғамды адам жасайды. Осылайша адам мәселесі, оның ішкі жан-дүниесі, танымы мен ниет-пиғылы жайында зерттеулерімізді алдағы уақытта да жалғастыра беретін боламыз.

Әдебиеттер

- muftyat.kz. (2018, 18 сәуір). Шын мәнінде амалдар ниетке байланысты [Қолжетімді: <https://www.muftyat.kz/kk/nasihat/zhuma-minberi/2018-04-18/21867-shyyn-mnnde-amaldar-nietke-bailanyistyi-zhma-uayiz>].
- Баласағұн, Ж. (2022). Құтты білік. Алматы: Мазмұндама қоғамдық қоры. – 680.
- Басты мақсат – мемлекеттік қызмет заңнамасы мен әдеп нормаларын сақтау. *Almaty Akshamy* №27 (5846), 5 наурыз 2020.
- Бейлс, Д., Смит, С., Оуэнс, П. (2020). Әлемдік саясаттың жаһандануы: халықаралық қатынастарға кіріспе. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 652.
- Ғабитов, Т. (2021). Философиялық энциклопедия. Алматы: Лантар Трейд. – 614.
- Егеубаев, А.Қ. (2007). Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. Алматы: Таймас баспау-йі. – 536.
- Әл-Фараби, Ә. Н. (2007). Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. Астана: Логос – Астана. – 296.
- Жанұзақ, Т., Омарбеков, С., Жүнісбек, Ә. және т.б. (2009). Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. Алматы: Арыс баспасы. – 752.
- Жанұзақов, Т. (2008). Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. Алматы: Дайк Пресс. – 968.
- Жармұхамедұлы, М., Дәуітұлы, С., Шафиғи, М. (1993). Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Алматы: Мұраттас ғылыми-зерттеу және баспа орталығы. – 262.
- Зәңгіров, Е. (2015). Ұлт рухы: қанатты сөздер. Алматы: Апа-б. – 160.
- Құдайбердиев, Ш. (1988). Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер (М. Жармұхамедов және С. Дәуітов құраст.). Алматы: Жазушы. – 560.
- Құдайбердиев, Ш. (2008). Шығармаларының үш томдық жинағы. Т.1: Өлеңдер. Алматы: Халықаралық Абай клубы. – 408.
- Құнанбайұлы, А. (2020). Қара сөздер. Алматы: MELOMAN Publishing. – 152.
- Құнанбайұлы, А. (2021). Қара сөздер. Алматы: Әлем. – 180.
- Манкеева, Ж., Бизақов, С., Жүнісбек, Ә. (2009). Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. Алматы: Арыс баспасы. – 752.
- Сәрсенбай, Қ. (2019, 3 қазан). Мінез мектебі. *Almaty Akshamy* №118 (5781).
- Тоғысбаев, А., Сужикова, А. (2006). Тарихи тұлғалар. Алматы: Алматыкітап. – 376.
- Тоқаев, Қ. К. (2023, 1 қыркүйек). «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. *Egemen Qazaqstan*.
- Тоқаев, Қ. К. (2023, 17 маусым). Түркістанда Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. *Egemen Qazaqstan*.
- Тоқаев, Қ. К. (2023, 18 маусым). Түркістанда Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. *Egemen Qazaqstan*.
- Тоқаев, Қ. К. (2023, 2 қыркүйек). «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. *Egemen Qazaqstan*.
- Тоқаев, Қ. К. (2024, 16 наурыз). Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. *Egemen Qazaqstan*.
- Тоқаев, Қ. К. (2024, 27 желтоқсан). «Елімді танытқан ерен жыл» атты жылдық есебі. *Egemen Qazaqstan*.
- Тоқаев, Қ. К. (2025, 3 қаңтар). «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деген Мемлекет басшысының *Ana тілі* газетіне берген сұхбаты.
- Тоқаев, Қ.-Ж. (2021, 5 қаңтар). Тәуелсіздік бөрінен қымбат. *Egemen Qazaqstan*.
- Тоқаев, Қ.-Ж. (2024, 16 наурыз). Атырау қаласында Ұлттық құрылтай отырысын өткізді. Президенттің «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. *Egemen Qazaqstan*.
- Франкл, В. (2020). Өмірден мән іздеген жан. Алматы: Мазмұндама қоғамдық қоры. – 192.
- Фукуяма, Ф. (2023). Либерализм және оған айтылатын сын (О. Кенжебаев ауд.). Алматы: CARS Unlok. – 208.
- Шарден, Т. де. (2002). Феномен человека. Вселенская месса (Н.А. Садовский және М.Л. Чавчавадзе ауд.). Алматы: Айрыс-пресс. – 352 б. (40 б.)
- Яхия ибн Шәрәф ибн Мурри. (2014). Хадистер жинағы (риядус-салихин). Алматы: Көкжиек баспасы. – 656.

References

- Al-Farabi, A. N. (2007). *Social philosophy. Ethics. Aesthetics [Äleumettik filosofua. Etika. Estetika]*. Astana: Logos–Astana. [Kazakh]
- Balasagyn, Z. (2022). *Divine power [Qutty bilik]*. Almaty: Mazmundama qoғamdyq qory. [Kazakh]
- Basty maqsat – memlekettik qyzmet zañnamasy men ädep normalaryn saqtau*. (2020, March 5). *Almaty Aqshamy*, No. 27 (5846). [Kazakh]
- Baylis, J., Smith, S., & Owens, P. (2020). *Älemdik sayasattyñ jahandanuy: Halqaralyq qatynastarğa kirispe*. Almaty: Ulttyq audarma byurosy. [Kazakh]
- Chardin, T. de. (2002). *Fenomen cheloveka. Vselenskaya messa* (N. A. Sadovskii & M. L. Chavchavadze, Trans.). Almaty: Ayres-press. [Russian]

- Egeubaev, A. Q. (2007). *Ádebi jádigerler. Zhiyrma tomдық. Tom 5: Zhusip Balasagyn. Qutty bilik*. Almaty: Taimas baspa úi. [Kazakh]
- Frankl, V. (2020). *Ómirden máń izdegen jan*. Almaty: Mazmundama qoǵamdyq qory. [Kazakh]
- Fukuyama, F. (2023). *Liberalizm jáne oǵan aitylatyn syn* (O. Kenzhebaev, Trans.). Almaty: CARS Unlok. [Kazakh]
- Ghabitov, T. (2021). *Filosofıialyq entsiklopedıia*. Almaty: Lantar Treid. [Kazakh]
- Mankeeva, Zh., Bizaqov, S., Zhunisbek, Á., et al. (2009). *The dictionary of the Kazakh literary language [Qazaq ádebi tiliniń sózdigi: On bes tomдық] (Tom 11)*. Almaty: Arys baspasy. [Kazakh]
- muftyat.kz. (2018, April 18). *Shyn máńinde amaldar nietke bailanysty*. <https://www.muftyat.kz/kk/nasihat/zhuma-minberi/2018-04-18/21867-shyin-mnnde-amaldar-nietke-bailanyisty-zhma-uayiz> [Kazakh]
- Qudaiberdiev, Sh. (1988). *Shyǵarmalary: Óleńder, dastandar, qara sózder* (M. Zharmukhamedov & S. Dáuıtov, Eds.). Almaty: Zhazúshy. [Kazakh]
- Qudaiberdiev, Sh. (2008). *Shyǵarmalarynyn úsh tomдық jınaǵy. Tom 1: Óleńder*. Almaty: Khalyqaralyq Abai kluby. [Kazakh]
- Qunanbailuly, A. (2020). *Qara sózder*. Almaty: MELOMAN Publishing. [Kazakh]
- Sarsenbai, Q. (2019, October 3). *Miniz mektebi. Almaty Aqshamy*, No. 118 (5781). [Kazakh]
- Togysbaev, A., & Suzhikova, A. (2006). *Tarikhi tulǵalar*. Almaty: Almatykitap. [Kazakh]
- Tokayev, Q. K. (2023, June 17). *Türkistanda Últtyq quryltaıdyń «Ádiletı Qazaqstan – Adal azamat» atty ekinshi otyrysynda sóılegen sózi. Egemen Qazaqstan*. [Kazakh]
- Tokayev, Q. K. (2023, September 2). *Ádiletı Qazaqstannyn ekonomikalıq baǵdary atty Qazaqstan xalqyna Zholdaıy. Egemen Qazaqstan*. [Kazakh]
- Tokayev, Q. K. (2024, December 27). *«Elimdi tanytqan eren zhyl» atty zhylyq esebi. Egemen Qazaqstan*. [Kazakh]
- Tokayev, Q. K. (2024, March 16). *Atyrau qalasynda Últtyq quryltaıdyń «Adal adam – Adal enbek – Adal tabys» atty úshinshi otyrysynda sóılegen sózi. Egemen Qazaqstan*. [Kazakh]
- Tokayev, Q. K. (2025, January 3). *«Maqsatym – ekonomıkanı jáne egemendikti nyǵaitu» degen Memleket basshysynyn Ana tili gazetine bergen sukhbaty*.
- Tokayev, Q.-Zh. (2021, January 5). *Təuelsizdik bərinen qymbat. Egemen Qazaqstan*.
- Yakhya ibn Sharaf ibn Murri. (2014). *Hadister zhınaǵy* (Riyad as-Salihin). Almaty: Kókzhiek baspasy.
- Zángırov, E. (2015). *Ult rýkhy: qanatty sózder*. Almaty: Arna-b.
- Zhanuzak, T., Omarbekov, S., Zhunisbek, Á., et al. (2009). *Qazaq ádebi tiliniń sózdigi: On bes tomдық (Tom 11)*. Almaty: Arys baspasy.
- Zhanuzakov, T. (2008). *The dictionary of the Kazakh language [Qazaq tiliniń túsıńirmeli sózdigi]*. Almaty: Daik Press. (in Kaz)
- Zharmukhameduly, M., Dáuituly, S., & Shaǵı, M. (1993). *Diwanı hikmat (Aqyl kitabı)*. Almaty: Murattas ǵylymı-zertteu zháne baspa ortalyǵy.

Information about authors:

- Raev Dauletbek – Professor at the Faculty of Oriental Studies, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Doctor of Philosophy (Almaty, Kazakhstan, e-mail: raev_53@mail.ru);
- Paltore Yktiyr (corresponding author) – Director of the Department of Science and International Relations at Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Doctor of Philosophy (PhD) (Almaty, Kazakhstan, e-mail: yktiyr@inbox.ru).
- Hossein Khoshbateni – Tabriz University, Doctor of Philosophy (PhD) (Tabriz, Iran, e-mail: Hosseinkhoshbaten@yahoo.com)
- Temirbayev Talgat – PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic culture. (Almaty, Kazakhstan, e-mail: talgat.temirbayev@gmail.com).
- Mamytova Samal Mukhtarkyzy – doctoral student of the Department of Philosophy, Al-Farabi Kazakh National University. (Almaty, Kazakhstan, e-mail: samalmamytova@gmail.com);
- Adilbayev Alau Shaikymuly – PhD, Associate Professor of the Department of Islamic Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Adilalau72@mail.ru).

Авторлар туралы мәлімет:

- Раев Даулетбек Садуақасұлы – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің шығыстану факультетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы (Алматы, Қазақстан, e-mail: raev_53@mail.ru);
- Палтөре Ықтияр Молдатөреұлы (корреспондент автор) – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ғылым және халықаралық байланыс департаментінің директоры, философия ғылымдарының (PhD) докторы (Алматы, Қазақстан, e-mail: yktiyr@inbox.ru).
- Хоссейн Хошбатени – Табриз университеті, философия ғылымдарының (PhD) докторы (Тебриз, Иран, e-mail: Hosseinkhoshbaten@yahoo.com)
- Темирбаев Талгат Түлюбайұлы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті. (Алматы, Қазақстан, e-mail: talgat.temirbayev@gmail.com).
- Мамытова Самал Мұхтарқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: samalmamytova@gmail.com);
- Әділбаев Алау Шәйкымұлы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті исламтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: Adilalau72@mail.ru).

Информация о авторах:

Раев Даулетбек – профессор факультета востоковедения Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, доктор философии (Алматы, Казахстан, e-mail: raev_53@mail.ru);

Палторе Ыктияр (автор для переписки) – директор Департамента науки и международных отношений Египетского университета исламской культуры «Нур-Мубарак», доктор философии (PhD) (Алматы, Казахстан, e-mail: yktyar@inbox.ru).

Хоссейн Хошбатени – Тебризский университет, доктор философии (PhD) (Тебриз, Иран, e-mail: Hosseinkhoshbaten@yahoo.com).

Темирбаев Талгат – доктор философии Египетского университета исламской культуры «Нур-Мубарак». (Алматы, Казахстан, e-mail: talgat.temirbayev@gmail.com).

Мамытова Самал Мухтаровна – докторант кафедры философии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: samaltamytova@gmail.com);

Адилбаев Алау Шайкымулы – PhD, ассоциированный профессор кафедры исламоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: Adilalau72@mail.ru).

Поступила 10 февраля 2025 г.

Принята 20 марта 2025 г.